

2008 жылы Көкшетау қаласы бойынша мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Көкшетау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы N A-1/102 қаулысы. Ақмола облысы Көкшетау қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 18 ақпанда N 1-1-78 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 23 ақпандағы № A-2/266 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2010.02.23 № A-2/266 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" (бұдан әрі - халықты жұмыспен қамту туралы Заңы) және 2005 жылғы 13 ақпандағы "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына сәйкес әлеуметтік көмекке мүқтаж тұлғалардың жұмыспен қамтылуына көмек көрсету мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмыс орындарының жалпы санының үш пайзы мөлшерінде мүгедектерге арналған жұмыс орындарына квота белгілесін.

2. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құратын кәсіпорындардың қоса берілген тізбесі бекітілсін.

3. 2006 жылғы 23 ақпанда N 8 "Көкшетау" және 2006 жылғы 23 ақпанда N 8 "Степной маяк" газеттерінде жарияланған, Көкшетау қаласының әділет басқармасында N 1-1-36 болып тіркелген 2006 жылғы 30 қаңтардағы "Көкшетау қаласында халықтың нысаналы топтарының жұмыспен қамтылуына көмек көрсету бойынша шаралар туралы" N A-1/125 қаулының күші жойылды деп та на л с ы н .

4. Осы қаулы Көкшетау қаласының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және ресми жарияланғаннан кейін **қ ол д а н ы с қ а е н г і з і л е д і**.

5. Осы қаулы 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқық қатынастарына **т а р а т ы л а д ы**.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.З.Жұпыновқа жүктелсін.

Кала әкімі

Қ о с ы м ш а

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 4

қ а н т а р д ағ ы

N

A - 1 / 1 0 2

К ө к ш е т а у

қ а л а с ы

ә к і м д і г і н ің

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құратын қәсіпорындардың тізбесі

N p/c	Кәсіпорындардың атауы	Орын саны
1.	Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Тазалық"» мемлекеттік коммуналдық қәсіпорны	4
2.	Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Авариялық-жөндөу қызметі" мемлекеттік коммуналдық қәсіпорны	2
3.	Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Көкшетау Су Арнасы" мемлекеттік коммуналдық қәсіпорны	2
4.	"Гормолзавод" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	1
5.	"Васильков тауken-байыту комбинаты"» акционерлік қоғамы (келісім бойынша)	1
6.	"Көкшетау қаласының білім бөлімі"» мемлекеттік мекемесі	6
7.	Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы N 2 " Аудандық жылу қазандығы" мемлекеттік коммуналдық қәсіпорны	3
8.	Ақмола облысы бойынша денсаулық сактау департаментінің жанындағы "Ақмола облыстық аурухана" мемлекеттік қазынашылық коммуналдық қәсіпорны (келісім бойынша)	4
9.	Ақмола облысы бойынша денсаулық сактау департаментінің жанындағы "Көкшетау қалалық аурухана" мемлекеттік қазынашылық коммуналдық қәсіпорны (келісім бойынша)	3
10.	"НОВОПЭК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	1
11.	Ақмола облысы бойынша денсаулық сактау департаментінің жанындағы "Қалалық емхана" мемлекеттік қазынашылық коммуналдық қәсіпорны (келісім бойынша)	2
12.	"Кофар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	1
13.	"AGRIMER-ASTYK" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	1
14.	"Көкшетау автобус паркі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	1
15.	"Той Дастанархан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	3
16.	"Қазпошта" акционерлік қоғамы (келісім бойынша)	1
17.	"НПО ЮНА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	1
18.	Ақмола облысы денсаулық сактау департаментінің "Облыстық қан орталығы"» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	2
19.	"Береке-Көкше" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	1

20.	Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті (келісім бойынша)	2
21.	Көкшетау университеті (келісім бойынша)	1
22.	"Енисей -Көкше бірлескен кәсіпорыны"» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	1
23.	"Отан" Республикалық қоғамдық бірлестігінің Көкшетау филиалы (келісім бойынша)	1
	Барлығы	45

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК